

## Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 363 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 қыркүйекте № 21197 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 16-бабының 41-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты ол ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*Б. Нурымбетов*

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2020 жылғы 11 қыркүйегі  
№ 363 бұйрығымен  
бекітілген

## Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидалары

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) кәсіптік тәуекелдерді идентификациялау және бағалау, түзетуші шаралары, кәсіптік тәуекелді бақылау және мониторингілеуді қамтитын кәсіптік тәуекелдерді басқару тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбекті қорғауды басқару жүйесі (бұдан әрі - ЕҚБЖ) – еңбекті қорғау жөніндегі саясатты іске асыру, еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындау, кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі өзара байланысты іс-шаралар кешені;

2) жұмыс орны – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

3) кәсіптік тәуекел (бұдан әрі - КТ) – еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жұмыскердің еңбекке қабілеттілігінен айырылу (не қайтыс болу) тәуекелі;

4) кәсіптік тәуекелді бағалау (бұдан әрі - КТБағ) – ұйымдағы тәуекелдерді сәйкестендіру туралы ақпаратты талдау және наукастану мен өндірістік жарақаттану, ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілу туралы статистикалық деректер негізінде кәсіптік тәуекел дәрежесін айқындау;

5) кәсіптік тәуекелдерді басқару (бұдан әрі - КТБасқ) – кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды, түзету шараларын, кәсіптік тәуекелді бақылауды және оның мониторингін қамтитын, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрамдас бөлігі;

6) өндірістік жабдық – жұмыс, өндіріс үшін қажетті машиналар, механизмдер, құрылғылар, аппараттар, аспаптар және басқа да техникалық құралдар.

## **2-тарау. Кәсіптік тәуекелдерді басқару тәртібі**

3. КТБасқ келесі рәсімдерден тұрады:

КТ-ді идентификациялау;

КТБағ;

түзетуші шаралар;

КТ бақылау және мониторингілеу.

4. КТБасқ рәсімін жүргізу мыналарды қамтиды:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес КТБасқ рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыруды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жүзеге асырады, ол болмаған жағдайда кәсіпорын басшысы КТ, КТБағ сәйкестендіруді жүргізу, КТБағ нәтижелері бойынша түзету шараларын әзірлеу, бақылау және мониторингтеу және оның мүшелері арасында өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу үшін сараптама тобының құрамын айқындайды;

КТБағ жүргізілетін барлық кәсіптер (лауазымдар) немесе кәсіптік топтардың тізбесін ескере отырып, бағалау объектілерін айқындау, КТБағ өткізу кестесін әзірлеу, бағалауды жүргізетін адамдарды тағайындау.

## 1-параграф. Кәсіптік тәуекелдерді идентификациялау

5. КТ-ді идентификациялау әрбір кәсіп (лауазым) (жұмыс орны) бойынша өндірістік (технологиялық) процестер мен қызмет түрлері бөлігінде өндірістік факторлардың (механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық) жұмыскердің ағзасына әсерін ескере отырып еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жұмыскердің еңбек қабілеттілігін жоғалтуына (немесе өліміне) алып келуі мүмкін өндірістік факторларды анықтау үшін жүргізіледі.

6. Жұмыскердің организміне физикалық әсер етудің өндірістік факторларына (Ф) мыналар жатады:

микроклимат (Ф1), оның ішінде:

- 1) ауа температурасы – Ф1.1;
- 2) ауа қозғалысының жылдамдығы – Ф1.2;
- 3) ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – Ф1.3;
- 4) ГНС-индексі – Ф1.4;
- 5) атмосфералық (барометрлік) қысым – Ф1.5;
- 6) жылу сәулесі – Ф1.6.

сәулелену (Ф2), оның ішінде:

- 1) иондамайтын электромагниттік өрістер және сәулелену – Ф2.1;
- 2) иондаушы сәуле – Ф2.2;
- 3) инфрақызыл сәуле – Ф2.3;
- 4) ультракүлгін сәулелер – Ф2.4;
- 5) лазерлік сәулелену – Ф2.5;
- 6) рентген сәулесі – Ф2.6.

вибраакустикалық факторлар (Ф3), оның ішінде:

- 1) шу – Ф3.1;
- 2) діріл (жалпы және жергілікті) – Ф3.2;
- 3) инфрадыбыс – Ф3.3;
- 4) ультрадыбыс – Ф3.4.

жарықтандыру (Ф4), оның ішінде:

- 1) жұмыс аймағының жеткіліксіз жарықтандырылуы – Ф4.1;
- 2) жарықтың жоғары жарықтығы – Ф4.2.

ауаның аэрозольдық құрамы (Ф5), оның ішінде:

- 1) жоғары және орташа фиброгенді аэрозольдер – Ф5.1;
- 2) әлсіз фиброгенді аэрозольдер – Ф5.2.

Жұмыскердің организміне химиялық әсер етудің өндірістік факторларына (Х) мыналар жатады:

- 1) 1-4 сыныпты зиянды химиялық заттар (Х1);

2) жіті уланудың дамуы үшін қауіпті заттар (қатты бағытталған және тітіркендіретін) (X2);

3) канцерогендер (X3);

4) аллергендер (жоғары және орташа қауіпті) (X4);

5) ісікке қарсы дәрілер, гормондар (X5);

6) есірткі анальгетиктері (X6);

7) бейорганикалық заттар (X7).

Жұмыскердің организміне биологиялық әсер етудің өндірістік факторларына (Б) мыналар жатады:

1) патогенді микроорганизмдер (Б1);

2) микроорганизмдердің басқа түрлері (өсімдіктер мен жануарлар) (Б2).

Жұмыскердің организміне психофизиологиялық әсер етудің өндірістік факторларына (П) мыналар жатады:

1) еңбек процесінің ауырлығы (П1);

2) еңбек процесінің қауырттылығы (П2).

Қауіпті өндірістік факторларға (механикалық әсерге) мыналар жатады:

Жұмыс аймағындағы құлау (M1), оның ішінде:

1) жұмыскердің биіктіктен құлауы – M1.1;

2) жұмыскердің қозғалу кезіндегі құлауы (бір нүктеден екінші нүктеге дейін) – M1.2

;

3) жұмыскерге заттардың түсуі, құлауы, опырылуы – M1.3;

4) ғимараттардың, құрылыстардың және олардың элементтерінің құлауы, қирауы - M1.4.

Жол-көлік оқиғасы (M2), оның ішінде:

1) кәсіпорын аумағы бойынша қозғалу кезінде көлік құралының басып кетуі – M2.1;

2) көліктегі авариялар – M2.2.

Өндірістік механизмдердің, машиналардың және жабдық бөліктерінің әсері (M3), оның ішінде:

1) жабдықтардың, механизмдердің, машиналардың қозғалатын және айналатын бөліктерінің әсері (соққы, қармау, қысу) – M3.1;

2) өткір бұрыштары, жиектері, қабыршақтары және тегіс емес беттері бар өндірістік жабдық конструкциясы элементтерінің әсері, сондай-ақ жұмыскер қозғалған кезде жабдық бетінің жоғары және төмен температурасының әсері – M3.2.

Электр қауіпсіздігі, өрт және жарылыс қауіпсіздігі M.4, оның ішінде:

1) электр тогының соғуы – M4.1;

2) өрт немесе жарылыс қауіпі (үйкеліс немесе жоғары қысым) – M4.2.

7. КТ идентификациясы мыналарды қамтиды:

КТБ үшін ақпарат жинау және оны құжаттамалық талдау;

жұмыс орнын техникалық тексеру және визуалды шолудан, жұмыс барысын бақылау және қызметтің жұмыс қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін анықтаудан, өндірістік орта мен еңбек процесінің барлық сипаттамаларын: жұмыс орнын, өндірістік жабдықтар мен машиналарды, материалдарды, жұмыс технологиясы мен әдістерін зерделеуден;

әрбір кәсіп (лауазым) (жұмыс орны) бойынша өндірістік (технологиялық, бизнес-процестер) процестер мен қызмет түрлері бөлігінде еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына (немесе өліміне) алып келетін өндірістік факторлардың тізбесі. Кәсіпорын бойынша кәсіптік тәуекел тізбесін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес кәсіпорын басшысы бекітеді.

8. КТ сәйкестендіру нәтижелері бойынша, егер орындалатын жұмыстардың сипаты бірдей және еңбек жағдайлары ұқсас кәсіптер (лауазымдар) (жұмыс орындары) болса, КТБ үшін бір кәсіптік топты немесе бір жұмыс орнын таңдауға рұқсат етіледі.

## **2-параграф. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау**

9. КТБағ кәсіпорын бойынша кәсіптік тәуекел тізілімінде көрсетілген барлық өндірістік факторларға жатады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес КТБағ (жеке) хаттамасымен ресімделеді.

10. КТБағ әрбір кәсіп (жұмыс орны) өндірістік (технологиялық) процесстер (технологиялық, бизнес-процестер) және қызмет түрі бөлінісінде жүргізіледі.

11. КТБағ өндірістік (технологиялық) процестер (технологиялық, бизнес-процестер) және ұйым қызметінің түрлері бөлінісінде әрбір кәсіп (жұмыс орны) бойынша еңбек жағдайларын олардың Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне кешенді бағалауды қамтиды және мыналардан тұрады:

1) еңбек жағдайларының зияндылығын (зиянды өндірістік факторлардың әсерін) бағалау;

2) еңбек жағдайларының жаракат алу қаупін бағалау (қауіпті өндірістік факторлардың әсері);

3) өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін бағалау;

4) жеке қорғаныш құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚК) қамтамасыз етілуді бағалау;

5) сырқаттанушылықты бағалау.

12. Еңбек жағдайларының зияндылығын (зиянды өндірістік факторлардың әсерін) бағалау жұмыскердің организміне физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық әсер етудің өндірістік факторлары бойынша жүргізіледі.

Еңбек жағдайларының зияндылығын бағалау "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес сенімді өлшеу құралдарын пайдалана отырып, зиянды өндірістік факторлардың параметрлерін зертханалық және аспаптық өлшеу және оларды белгіленген нормативтермен салыстыру негізінде жүргізіледі.

Жерасты көмір шахталарында зертханалық және аспаптық өлшеулер жүргізілмейді.

Еңбек жағдайларының зияндылығын бағалауды жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерін пайдалана отырып, олар болған кезде және соңғы аттестаттауды өткізу мерзімі 5 (бес) жылдан аспайтын жағдайда жүргізуге рұқсат етіледі.

13. Еңбек жағдайларының жарақат алу қаупін бағалау қауіпті өндірістік факторлар (механикалық әсер ету) бойынша жүргізіледі.

Еңбек жағдайларының жарақат алу қаупін бағалау еңбек процесінің мазмұнын, функционалдық міндеттерін және орындалатын жұмыстардың түрлерін айқындайтын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

14. Өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін бағалау өндірістік жабдық жөніндегі құжаттаманың болуын (пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың болуы, пайдалануға берілген күні, пайдалану мерзімі, тексеру актілері) және өндірістік жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұжымдық (жеке) қорғау құралдарының болуын кешенді тексеру негізінде оның жұмыс орнында әрбір кәсіп (лауазым) бойынша жүргізіледі.

Өндірістік жабдық бойынша құжаттаманың болуын тексеру (өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін құжаттамалық бағалау) құжаттамалық талдау негізінде жүзеге асырылады:

- 1) техникалық құжаттама (паспорт);
- 2) пайдалану құжаттамасында пайдалану жөніндегі нұсқаулық және технологиялық регламент (нормативтік құқықтық актілерде талаптар болған кезде);
- 3) өндірістік жабдыққа қызмет көрсету, жөндеу, тексеру, диагностикалау бойынша құжаттама (нормативтік құқықтық актілерде талаптар болған кезде);
- 4) өндірістік жабдықтың пайдалануға берілген күнге және техникалық құжаттамада және пайдаланудың қалдық немесе ұзартылған мерзімін растайтын құжатта көзделген мерзімге пайдалану мерзіміне сәйкес келуі;
- 5) өндірістік жабдық жиынтығына кіретін өлшеу құралдарын тексеру немесе калибрлеу туралы сертификаттарды қамтуға тиіс.

Өндірістік жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне жеке және ұжымдық қорғану құралдарының болуын тексеру (өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін көзбен шолып-техникалық бағалау) Өндірістік жабдықтың белгіленген нормативтік-техникалық құжаттамада Өндірістік жабдықты пайдалана отырып жұмыстар жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарға сәйкестігін көзбен қарап тексеру және техникалық бақылау негізінде жүзеге асырылады.

15. Жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз (әрі қарай - ЖҚҚ) етілуін бағалау әрбір кәсіп (лауазым) (кәсіптік топтар, жұмыс орны) бойынша ЖҚҚ-ның барлық атаулары бойынша норманы көрсете отырып, ЖҚҚ беруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманың болуына; оларды берудің белгіленген нормаларына сәйкес ЖҚҚ-ның нақты болуына; ЖҚҚ пайдалануға арналған сапа сертификаттарының болуына қойылатын талаптардың орындалуын кешенді тексеру негізінде жүргізіледі.

16. Сырқаттанушылықты бағалау кәсіптің (лауазым), құрылымдық бөлімшенің атауын, жынысын, жасын, АХЖ-10 бойынша ауру кодын (аурулардың халықаралық сыныптамасы), еңбекке уақытша жарамсыздықтың түрін (жарақат немесе ауру), емдеу режимін (амбулаториялық немесе стационарлық), еңбекке жарамсыздық кезеңін және күндердің жалпы санын көрсете отырып, жұмыскерлердің еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша бастапқы еңбекке жарамсыздығы деректер негізінде жүргізіледі.

Бастапқы деректерді есепке алу және жүйелеу үшін осы Қағидалардағы 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыскерлердің уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын тіркеу Журналын жүргізіледі.

Жұмыскерлердің сырқаттанушылығын бағалау осы мамандық жұмыскерлерінің еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын кешенді талдау негізінде мынадай үш көрсеткіш бойынша жүргізіледі: еңбекке уақытша жарамсыздықтың жиынтық ұзақтығы (еңбекке жарамсыздықтың барлық күндерін жиынтықтау); бір жылдағы жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының саны (осы диагнозбен науқастанудың бар жағдайларын тікелей есептеу); созылмалы аурулардың болуы.

17. Әрбір кәсіп (жұмыс орны) бойынша КТБағ нәтижесі бойынша КТ дәрежесі бірден беске дейін белгіленеді:

1-дәреже – дәреженің есептік мәні 0-ден 1-ге дейін болғанда жол берілетін тәуекел;

2-дәреже – дәреженің есептік мәні 1-ден 2-ге дейін болған кезде төмен тәуекел;

3-дәреже – дәреженің есептік мәні 2-ден 3-ке дейін болған кездегі орташа тәуекел;

4-дәреже – дәреженің есептік мәні 3-тен 4-ке дейін болған кезде жоғары тәуекел;

5-дәреже – 4-тен 5-ке дейінгі дәреженің есептелген мәні кезінде өте жоғары тәуекел.

18. КТ дәрежесінің есептік мәні әрбір кәсіп (лауазым) (кәсіптік топтар, жұмыс орны) бойынша келесі формуламен айқындалады:

$$КТ = 0,7 * \frac{В + Т}{2} + 0,2 * \frac{Об + ЖҚҚ}{2} + 0,1 * 3,$$

мұндағы:

В – еңбек жағдайының зияндылығының көрсеткіші, өндірістік (зиян) факторлардың жұмыскердің еңбек қабілеттілігіне, аталған кәсіптегі (лауазымдағы) (кәсіптік топтағы), оның жұмыс орнына әсерінің ықтималдығын сипаттайды;

Т – еңбек жағдайларының жарақат алу қаупінің көрсеткіші өндірістік (қауіпті) факторлардың осы кәсіп (кәсіптік топ) жұмыскерінің жұмыс орнындағы еңбекке қабілеттілігіне әсер ету ықтималдығын сипаттайды;

ОБ – осы кәсіптің (кәсіптік топтың) жұмыскері өзінің жұмыс орнында еңбек процесінде пайдаланатын өндірістік жабдық қауіпсіздігінің көрсеткіші;

ЖҚҚ – осы кәсіп (лауазым) (кәсіптік топ) жұмыскерінің еңбек процесінде пайдаланылатын ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілу көрсеткіші;

З – осы кәсіп (лауазым) (кәсіптік топ) жұмыскерлерінің сырқаттанушылық көрсеткіші.

19. Кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша кәсіптік тәуекел тізілімін, кәсіптік тәуекелді бағалау жөніндегі хаттамаларды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес есеп қалыптастырылады.

20. КТБағ жүргізу кезеңділігі КТ дәрежесін ескере отырып 5 жылда кемінде бір рет белгіленеді:

1 дәреже (жол берілетін тәуекел) – 5 жылда бір рет;

2 дәреже (төмен тәуекел) – 3 жылда бір рет;

3 дәреже (орташа тәуекел) – 2 жылда бір рет;

4 дәреже (жоғары тәуекел) – жыл сайын;

5 дәреже (өте жоғары тәуекел) – тәуекелді жою бойынша түзету шараларынан кейін

Жабдықты жаңғырту, реконструкциялау, ауыстыру және технологиялық процестердегі өзгерістер кезінде жұмыс орындарындағы осындай өзгерістерді ескере отырып, жоспардан тыс КТБағ жүргізіледі.

### **3-параграф. Түзету шаралары**

21. Түзету шараларын жүргізу қажеттілігі тәуекел дәрежесіне байланысты анықталады:

1-2 дәреже (рұқсат етілген /төмен тәуекел) – жұмыс берушінің шешімі бойынша түзету шаралары жүргізілуі мүмкін;

3 дәреже (орташа тәуекел) – тәуекел дәрежесі белгіленгеннен кейін бір жыл ішінде тәуекелді төмендету бойынша түзету шаралары жүргізіледі;

4-5 дәреже (жоғары/өте жоғары тәуекел) – тәуекел дәрежесі белгіленгеннен кейін 3 ай ішінде тәуекелді төмендету бойынша түзету шаралары жүргізіледі.

22. Түзету шараларының басымдылығы барлық кәсіптерді (лауазымдарды) (кәсіптік топтарды) КТ дәрежесінің кему тәртібімен ретке келтіру жолымен КТ саралау негізінде айқындалады.



	Құрылымды қ бөлімше						
	Кәсіптер ( лауазымдар)						
3	Көмекші қызмет						
	Құрылымды қ бөлімше						
	Кәсіптер ( лауазымдар)						
	БАРЛЫҒЫ		100%				

Ескертпе:

\* үлес салмағы әрбір кәсіп бойынша жұмыскерлер санының кәсіпорын жұмыскерлерінің жалпы санына қатынасы ретінде есептеледі;

\*\* сәйкестендірілген факторлар көрсетіледі, В (еңбек жағдайларының зияндылығы) және Т (еңбек жағдайларының жарақат алу қауіптілігі) бағандары бойынша зиянды немесе қауіпті өндірістік фактордың атауы мен коды көрсетіледі, ОБ (өндірістік құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі), ЖҚҚ, 3 (осы кәсіп (лауазым) (кәсіптік топ) жұмыскерлерінің сырқаттанушылық көрсеткіші) бағандары бойынша өндірістік жабдықты немесе жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдаланған, уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарының болуы жағдайында (+) белгісі көрсетіледі.

ЕҚ бойынша жауапты адам \_\_\_\_\_  
 қолы \_\_\_\_\_ ТАӘ (бар болса)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

В – еңбек жағдайларының зияндылық көрсеткіші;

Т – еңбек жағдайларының жарақат алу қауіпінің көрсеткіші;

ОБ - өндірістік жабдықтың қауіпсіздік көрсеткіші;

ЖҚҚ – жеке қорғаныш құралының қамтамасыз етілу көрсеткіші;

3 – сырқаттанушылық көрсеткіші;

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

ЕҚ – еңбекті қорғау.

Кәсіптік тәуекелдерді  
 басқару қағидаларына  
 2-қосымша

Кәсіптік тәуекелдерді (жеке) бағалау ХАТТАМАСЫ 20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ №

1	Кәсіпорын атауы	
2	Құрылымдық бөлімше атауы	
3	Қызмет түрі (персонал санаты)	
4	Кәсіптің (лауазымның) жұмыс орнының (кәсіп коды) атауы	
5	Орындайтын кәсібі/атқаратын лауазымы/ белгілі бір жұмыс орнындағы жұмыскерлер контингенті	
6	Еңбекті ұйымдастыру нысаны	
7	Өндіріс типі	
8	Өндірістік жабдықтар саны	
9	Негізгі өндірістік жабдықтар тізбесі	
10	Қолданылатын шикізат, материалдар	

### 1. Еңбек жағдайларының зияндылығын бағалау (өндірістік факторлардың зияндылығы)

№	Фактор коды	Зиянды өндірістік фактордың атауы	Фактордың жағдайы		Еңбек жағдайлары класы					Балл*	Ескертпе
			(РЕШД / РЕШШ)	Нақты деңгейі	2	3.1	3.2	3.3	3.4		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	x	x									
2	x	x									
3	x	x									
Балл сомасы, жиыны											барлық көрсетілген факторлар бойынша балдар жинақталады
Өндірістік факторлардың зияндылық көрсеткіші (B)											

Ескерту:

\* Зиянды факторлардан кейінгі баллдар) фактордың нақты деңгейінің белгіленген гигиеналық нормаға (РЕШД/РЕШШ) сәйкес келмегені анықталған жағдайда шарттар сыныбына сәйкес анықталады құжаттар:

1 балл – 2-сынып;

2 балл – 3.1-сынып;

3 балл – 3.2-сынып;

4 балл – 3.3-сынып;

5 балл – 3.4-сынып.

Өндірістік факторлар (B) мәнінің көрсеткіші төменде көрсетілген интервалдардың біріне жатқызу балдары сомасының негізінде айқындалады:

1 –0 балл;

2 – 5 балға дейін;

3 – 6-дан 15 балға дейін;

4 – 16-ден 25 балға дейін;

5 – 25 балдан жоғары.

## 2. Еңбек жағдайларының жарақаттану қауіптілігін бағалау (өндірістік факторлардың қауіптілігі)

№	Орындалатын жұмыстар түрлері	Қауіпті өндірістік фактордың атауы	x	x	x	Балл	Ескертпе
		Фактор коды					
Сомасы, жиыны							барлық көрсетілген факторлар бойынша балдар жинақталады
Орындалатын жұмыс түрлерінің жалпы саны							орындалатын жұмыс түрлерінің саны жинақталады
Балл сомасы, жиыны							соманың орындалатын жұмыс санына қатынасы ретінде есептеледі
Жазатайым оқиғалар туралы мәліметтер		Күні:					
		Зардап шеккендер саны					
Еңбек жағдайларының жарақат алу қаупінің көрсеткіші (T)							

Ескертпе: Балдар (қауіпті факторлар бойынша) сараптамалық бағалау негізінде белгіленеді және өндірістік (қауіпті) фактордың туындау жиілігінің сандық мәнін



Балдар сомасы, жиыны		барлық атаулары бойынша балдар жинақталады
Өндірістік жабдықтардың жылпы саны		
Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздік көрсеткіші (ОБ)		баллдар сомасының өндірістік жабдық санына қатынасы ретінде есептеледі

Ескертпе: Егер жұмыскер еңбек процесінде өндірістік жабдықты пайдаланбаса, осы кәсіптің (кәсіптік топтың) жұмыскері еңбек процесінде пайдаланатын өндірістік жабдықтың (ОБ) қауіпсіздік көрсеткіші 1-ге тең. Егер еңбек процесінде жұмыскер Өндірістік жабдықты пайдаланса, өндірістік жабдықтың қауіпсіздік көрсеткіші (ОБ) әрбір кәсіп (жұмыс орны) бойынша өндірістік жабдықтың жалпы санына баллдар сомасының қатынасы ретінде айқындалады. Бағалаудың жалпы балы өндірістік жабдықтың әрбір түрі бойынша құжаттамалық (Дб) және көрнекі (Кб) бағалардың орташа арифметикалық балына тең.

Құжаттамалық бағалау балы (Дб) техникалық, пайдалану, тексеру құжаттамасының болуына, сондай-ақ өндірістік жабдықтың әрбір түрі бойынша өндірістік жабдықтың пайдалану мерзіміне сәйкестігіне қарай 1-ден 5-ке дейін белгіленеді:

- 1 балл - барлық талаптар орындалған кезде;
- 2 балл - талаптардың бірі орындалмаған кезде;
- 3 балл - талаптардың екеуі орындалмаған кезде;
- 4 балл - талаптардың үшеуі орындалмаған кезде;
- 5 балл - барлық талаптар орындалмаған жағдайда.

Визуалды-техникалық бағалау балы (Дб) жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын талаптардың сақталуына байланысты 2-ден 5-ке дейін белгіленеді, сондай-ақ қорғау құралдарына:

2 балл - жабдық конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын барлық талаптар сақталған және барлық қажетті қорғау құралдары болған кезде;

3 балл - жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын талаптар сақталмаған және жеңіл ауырлықтағы жұмыскерге травматикалық әсер етуі мүмкін барлық қажетті қорғау құралдары болған кезде;

4 балл - жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын талаптар сақталмаған және ауырлығы орташа жұмыскерге травматикалық әсер етуі мүмкін барлық қажетті қорғау құралдары болған кезде;

5 балл - жабдықтың конструкциясына және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын талаптар сақталмаған және жұмыскер ауыр жарақат алуы мүмкін барлық қажетті қорғау құралдары болған кезде.

### 3.1. Өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін визуалды бағалау

№	Жабдықтың конструкциясы және оның жекелеген бөліктеріне қойылатын талаптар	Қорғаныш құралдарына талаптар	Балл Вб	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	Өндірістік жабдыққа және оның жекелеген бөліктеріне қиратушы жүктеме жоқ	Қиратушы жүктемелердің туындауын болдырмайтын құрылғылармен жабдықтау		
2	Жабдықтың құлау (аударылу) және өздігінен жылжу ықтималдығы жоқ	Жабдықтар мен оның бөліктерін бекіту құралдары мен әдістерінің болуы		
3	Заттардың (мысалы, құрал-саймандардың, дайындамалардың, өңделген бөлшектердің, жаңқалардың) құлау және тасталу, сондай-ақ майлайтын, салқындататын және басқа да жұмыс сұйықтықтарының тасталу ықтималдығы жоқ	Қорғаныш қоршаулардың болуы (қаптамалар, қалқандар, күнқағарлар, бөгеулер және экрандар)		
		Жұмыскердің олармен байланыс жасау мүмкіндігін		

4	Өндірістік жабдықтың қозғалмалы бөліктерінің әсер ету ықтималдығы жоқ	болдырмау немесе дабыл беру, дабыл беру түстері, қауіпсіздік белгілері және апаттық тоқтауды басқару органдары көзделуі үшін қорғау қоршауларының болуы		
5	Қысатын, ұстап тұратын, көтергіш және тиеу құрылғыларының немесе олардың жетектерінің конструкциясы үшін толық немесе ішінара өздігінен тоқтау, энергия беруді қалпына келтіру кезінде қауіптіліктің туындау ықтималдығы жоқ	Жұмыскердің олармен байланыс жасау мүмкіндігін болдырмау немесе сигнал беру, сигнал беру түстері, қауіпсіздік белгілері және апатты тоқтауды басқару органдары көзделуі үшін қорғау қоршауларының болуы		
6	Өндірістік жабдық конструкциясының элементтерінде өткір бұрыштары, жиектері, қабыршақтары және тегіс емес беттері бар	Жұмыс істеушілерді қорғау шаралары көзделген		
7	Гидравликалық, пневматикалық энергияның, бу энергиясының көмегімен жұмыс істейтін өндірістік жабдықтардан және оның жекелеген бөліктерінен (гидро -, бу -, пневможүйелердің құбырлары, сақтандырғыш кабельдер және басқа бөліктер) жарақат алу ықтималдығы жоқ	Жұмыс істеп тұрған немесе техникалық қызмет көрсету құралдарымен олардың кездейсоқ зақымдануының алдын алатындай етіп, монтаждау схемаларына сәйкес таңбалаудың болуы, бұғаттау құлыптары мен бекіткіштер		
	Құрастыру бірліктері мен бөлшектерінің			

8	бекітпелерінің өздігінен әлсіреу немесе ажырату, сондай-ақ жылжымалы бөліктердің конструкцияда көзделген шектен тыс орын ауыстыру ықтималдығы жоқ	Өндірістік жабдықтарды басқару органдарында шұғыл тежеу және авариялық тоқтату (өшіру) құралдарының болуы		
9	Өрт-жарылыс қауіптілігінің туындау ықтималдығы жоқ	Ескерту сигнализациясының, өрт сөндіру, авариялық желдеткіш, герметикалық қабық, жанғыш сұйықтықтарды авариялық ағызу және жанғыш газдарды өршіту жүйесінің болуы		
10	Электр қауіптілігінің туындау ықтималдығы жоқ	Қоршаулардың болуы, жерге тұйықтау, нөлдеу, ток өткізгіш бөліктерді оқшаулау, қорғаныш ажырату		
	Балдар сомасы			көрсетілген талаптар бойынша барлық баллдар жинақталады
	Талаптар саны		10	
	Өндірістік жабдықтың қауіпсіздігін визуалды-техникалық бағалау, Вб, жиыны			баллдар сомасының талаптар санына қатынасы ретінде есептеледі

#### 4. ЖҚҚ қамтылғандығын бағалау

P/c №	ЖҚҚ атауы	МЕМСТ	Бір жылға беру нормасы (бірлік)	Іс жүзінде ЖҚҚ болуы	Құжаттама			Балл	Ескертпе
					Нормаға сәйкестігі (0/1)	Сапа сертификатының болуы (0/1)	Құжаттаманың болуы (0/1)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
									ЖҚҚ-ның барлық атаулары

Балл сомасы	бойынша балдар жинақтал ады
ЖҚҚ саны	ЖҚҚ жалпы саны жинақтал ады
ЖҚҚ қамтылу көрсеткіші, жиыны	ЖҚҚ балдары сомасының ЖҚҚ санына қатынасы ретінде есептеле ді

Ескертпе: осы кәсіптің (лауазымның) (кәсіптік топтың) жұмыскерінің еңбек процесінде оның жұмыс орнында пайдаланылатын ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілу көрсеткіші, егер жұмыскер еңбек процесінде ЖҚҚ пайдаланбаса, бірге тең болады.

Егер еңбек процесінде жұмыскер ЖҚҚ-ны пайдаланса, ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілу көрсеткіші ЖҚҚ-ның әрбір түрі бойынша баллдар сомасының ЖҚҚ-ның жалпы нормативтік белгіленген санына қатынасы ретінде айқындалады.

Балл норманы көрсете отырып, ЖҚҚ беруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманың болуына; оларды берудің белгіленген нормаларына сәйкес ЖҚҚ-ның болуына; ЖҚҚ-ны пайдалануға арналған сапа сертификаттарының болуына қарай 2-ден 5-ке дейін белгіленеді:

- 2 балл - барлық талаптарды орындау кезінде;
- 3 балл - талаптардың бірі орындалмаған кезде;
- 4 балл - талаптардың екеуі орындалмаған кезде;
- 5 балл - барлық талаптар орындалмаған жағдайда.

## 5. Сырқаттануды бағалау

Р/с №	Жұмыскер	Сырқаттану бағалау критерийі			Балы	Ескертпе
		ЕҚУА жалпы ұзақтығы	ЖРВИ саны	Созылмалы аурулардың болуы		
	Жұмыскер 1					
	Жұмыскер 2					
	Жұмыскер 3					
	Балдар сомасы					
	Жұмыскерлер саны					
						б а л л сомасының

Сырқаттанушылық көрсеткіші (3)	жұмыскерлер санына қатынасы ретінде есептеледі
--------------------------------	--

Ескертпе: Осы кәсіп/лауазым (кәсіптік топ) жұмыскерлерінің сырқаттанушылық (3) көрсеткіші осы кәсіп жұмыскерлерінің еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақтарды кешенді тексеру және талдау негізінде айқындалады және егер есепті кезеңде осы кәсіп бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтар тіркелмеген болса, бірге тең болады. Егер есепті кезеңде осы кәсіп бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтар тіркелген болса, сырқаттанушылық (3) көрсеткіші балл сомасының осы кәсіп (кәсіптік топ) жұмыскерлерінің санына қатынасы ретінде есептеледі.

Әрбір жұмыскер бойынша балл еңбекке уақытша жарамсыздықтың уақытша жоғалуының жиынтық ұзақтығына, жылына жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының санына, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтарды кешенді тексеру және талдау негізінде созылмалы аурулардың болуына байланысты белгіленеді:

1 балл, егер еңбекке уақытша жарамсыздықты жоғалтудың жиынтық ұзақтығы жылына 7 күннен аспаса, созылмалы аурулар болмаған кезде жылына 1 реттен көп емес жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының саны;

2 балл, егер еңбекке уақытша жарамсыздықты жоғалтудың жиынтық ұзақтығы жылына 14 күннен аспаса, созылмалы аурулар болмаған кезде жылына 2 реттен көп емес жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының саны;

3 балл, егер еңбекке уақытша жарамсыздықты жоғалтудың жиынтық ұзақтығы жылына 21 күннен аспаса, созылмалы аурулар болған кезде жылына 3 реттен көп емес жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының саны;

4 балл, егер еңбекке уақытша жарамсыздықты жоғалтудың жиынтық ұзақтығы жылына 21 күннен артық болса, созылмалы аурулар болған кезде жылына 3 реттен артық жіті респираторлық вирустық инфекциялар жағдайларының саны;

5 балл, тіркелген кәсіптік аурулар болған кезде.

## 6. Кәсіптік тәуекел дәрежесін есептеу

P/c №	Кәсіп (кәсіби топ) атауы	Көрсеткіш					КТ дәрежесі
		B	T	OB	ЖҚҚ	З	
	БАРЛЫҒЫ						

Кәсіптік тәуекел дәрежесі: \_\_\_\_\_

Кәсіптік тәуекелдерді бағалау бойынша жауапты адам

\_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_ ТАӘ (болған жағдайда)  
20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
немесе Сараптамалық ұйымның маманы:

қолы \_\_\_\_\_ ТАӘ (болған жағдайда)  
20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Кәсіптік тәуекелді бағалау нәтижелерімен таныстым (ық):

ТАӘ (болған жағдайда), күні, қолы

ТАӘ (болған жағдайда), күні, қолы  
Аббревиатураның толық жазылуы:  
ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);  
ЕҚ – еңбекті қорғау;  
ҚТ – қауіпсіздік техникасы;  
ЖҚҚ – жеке қорғаныш құралының қамтамасыз етілу көрсеткіші;  
РЕШД – рұқсат етілген шекті деңгейі;  
РЕШШ – рұқсат етілген шекті шоғырлануы;  
МемСТ – мемлекеттік стандарт;  
ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты;  
ЕҚУЖ – еңбекке қабілеттігінен уақытша жоғалту;  
ЖРВИ – жедел респираторлық вирустық инфекция;  
В – еңбек жағдайларының зияндылық көрсеткіші;  
Т – еңбек жағдайларының жарақат алу қаупінің көрсеткіші;  
ОБ – өндірістік жабдық қауіпсіздігінің көрсеткіші;  
З – сырқаттанушылық көрсеткіші;  
Дб – жабдық қауіпсіздігін құжаттамалық бағалау балы;  
Вб – жабдық қауіпсіздігін көзбен шолып бағалау балы;  
КТ - кәсіптік тәуекел.

Кәсіптік тәуекелдерді  
басқару қағидаларына  
3-қосымша

## КӘСПОРЫННЫҢ АТАУЫ

### Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтарды тіркеу ЖУРНАЛЫ

			Құрылымдық		Еңбекке қабіле	Еңбекке қабіле	Еңбекке қабілетсіздік	АХЖ-10 Науқа	Диагност/науқас			Емделу	
--	--	--	------------	--	----------------	----------------	-----------------------	--------------	-----------------	--	--	--------	--

№ р/с	Т.Ә.Ж	Мама ндық атауы	бөлім атауы	Қызме т түрі	тсіздік түрі* (Жр/ А)	тсіздік кезеңі	күнде рінің жалпы саны	стар коды	тың атауы	Жыны сы	Жасы	режим і	Ескер ту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Ескертпе:

5-баған: егер жұмыскер әкімшілік-басқарушылық персоналы болса А, егер жұмыскер өндірістік қызметтің персоналы болса П, егер жұмыскер көмекші персоналға қатысты болса В көрсетіледі;

6-баған: егер жарақат орын алса Жр, егер ауру орын алса Н көрсетіледі;

7-баған: кк/аа/жж форматында еңбекке жарамсыздық кезеңі қай күннен бастап және қай күнді қоса алғанда көрсетіледі;

13-баған: егер амбулаториялық емдеу болса А, С-стационарлық емдеу көрсетіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

АХЖ – аурулардың халықаралық жіктелуі;

Жр – жарақат;

А – ауру.

Кәсіптік тәуекелдерді  
басқару қағидаларына  
4-қосымша

	КЕЛІСІЛДІ Өндірістік кеңестің өкілі* _____ ТАӘ 20__ ж. " __ " _____	БЕКІТЕМІН Кәсіпорын басшысы _____ ТАӘ 20__ ж. " __ " _____
--	--	---

## КӘСПОРЫННЫҢ АТАУЫ

### Кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша ЕСЕП

ДАЙЫНДАЛҒАН

ЕҚ және ҚТ бойынша жауапты тұлға \_\_\_\_\_

ТАӘ қолы

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

немесе

Жетекшісі

сараптама ұйымы \_\_\_\_\_

ТАӘ қолы

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Ескертпе: \* өндірістік кеңес болмаған жағдайда кәсіпорын басшысынан кейінгі екінші жауапты тұлға жауапты тұлға болып табылады (мысалы, техникалық директор және бас инженер).

# 1. Жалпы мәліметтер

Сараптама ұйымы		
Ұйымның мекен-жайы		
Кәсіби тәуекелдерді бағалауды жүргізу негізі		
Кәсіпорынның толық және қысқартылған атауы		
Ұйымдық-құқықтық нысаны		
Заңды мекен-жайы		
Нақты мекен-жайы		
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша Экономикалық қызмет түрі (ЭҚЖЖ) / кәсіптік тәуекел сыныбы		
Кәсіпорынның кәсіби-біліктілік құрылымының көрсеткіштері	Мамандықтар саны	Жұмыскерлер саны
БАРЛЫҒЫ кәсіпорын бойынша, оның ішінде:		
Әкімшілік қызмет		
Өндірістік қызмет		
Қосалқы қызмет		

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

ЕҚ және ҚТ – еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;

ЭҚЖЖ – экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші.

Кәсіптік тәуекелдерді  
басқару қағидаларына  
5-қосымша  
Бекітемін  
Кәсіпорын басшысы

\_\_\_\_\_ ТАӘ  
20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

## КӘСПОРЫННЫҢ АТАУЫ

### Кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

_____ ЖЫЛ							
Құрылымдық бөлімше	Мамандық	Тәуекел дәрежесі	Түзету шаралары	Тәуекел дәрежесі және күтілетін нәтижелер	Жауапты тұлғалар	Орындау мерзімі	Орындалуы н бақылау

ЕҚ бойынша жауапты тұлға \_\_\_\_\_

қолы Т.А.Ә.

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

ЕҚ – еңбекті қорғау.

Кәсіптік тәуекелдерді  
басқару қағидаларына  
6-қосымша

Нысаны

## КӘСПОРЫННЫҢ АТАУЫ Кәсіптік тәуекелдерді бағалаудың нәтижелерінің талдамалық деректері

### 1. Еңбек жағдайларының (өндірістік факторлардың) зияндылығын талдау

Құрылымдық бөлімше	Кәсіптің (лауазым) атауы	Жұмыскерлер саны	Химиялық факторлар	Физикалық факторлар	Биологиялық факторлар	Психофизиологиялық факторлар	Жиыны
1	2	3	4	5	6	7	8
1. Әкімшілік қызмет							
2. Өндірістік қызмет							
3. Қосалқы қызмет							

### 2. Еңбек жағдайларының (өндіріс факторларының) жарақаттану қауіптілігін талдау

№	Құрылымдық бөлімше	Кәсіптің (лауазымның) атауы	Жұмыскерлер саны	Жарақаттану факторларының (тәуекелдерінің) түрлері	Еңбек процесінде жарақаттану қауіптілігінің дәрежесі	Жарақаттану қауіптілігін бағалау
1	2	3	4	5	6	7
1. Әкімшілік қызмет						
2. Өндірістік қызмет						
3. Қосалқы қызмет						

### 3. Өндірістің жабдықтың қауіпсіздігін талдау

P/c №	Құрылымдық бөлімше	Кәсіптің (лауазым) атауы	Жұмыскерлер саны	Жабдықтың атауы	Құжатталған бағалау критерийлері		
					Жабдықтың пайдалануға берілген күні	Пайдалану мерзімі, жыл	Пайдалану мерзіміне сәйкестігі
1	2	3	4	5	6	7	8
1. Әкімшілік қызмет							
2. Өндірістік қызмет							
3. Қосалқы қызмет							

## Кестенің жалғасы

Құжатталған бағалау критерийлері			Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін бағалау		
Құжаттаманың болуы					
Техникалық	Пайдалану (пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың болуы)	Салыстырып тексеру	Құжатталған бағалау	Визуалды-техникалық бағалау	Жиыны
9	10	11	12	13	14
1. Әкімшілік қызмет					
2. Өндірістік қызмет					
3. Қосалқы қызмет					

### 4. ЖҚҚ қамтылуын талдау

P/c №	Құрылымдық бөлімше	Кәсіптің (жұмыскер саны) атауы	ЖҚҚ атауы	Бір жылға беру нормасы (бірлік)	Іс жүзінде ЖҚҚ болуы	Құжаттама			ЖҚҚ қамтылуын бағалау	Ескертпе	
						Нормаға сәйкестігі (0/1)	Сапа сертификатының болуы (0/1)	Құжаттаманың болуы (0/1)			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1. Әкімшілік қызмет											
2. Өндірістік қызмет											
3. Қосалқы қызмет											

### 5. Сырқаттанушылықты талдау

P/c №	Құрылымдық бөлімше	Кәсіптің (жұмыскер саны) атауы	Жұмыскерлер саны	Кәсіптің үлес салмағы	Сырқаттанушылық тәуекелінің дәрежесі белгіленген жұмыскерлер саны	Кәсіп бойынша сырқаттанушылық тәуекелінің дәрежесі	Үлес салмағын ескере отырып кәсіп бойынша сырқаттанушылық тәуекелінің дәрежесі	Құрылымдық бөлімше бойынша сырқаттанушылық тәуекелінің дәрежесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Әкімшілік қызмет								
2. Өндірістік қызмет								
3. Қосалқы қызмет								

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖҚҚ – жеке қорғаныш құралының қамтамасыз етілу көрсеткіші.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК